



# Аристотель философиясы

(б.з.д 384-322)

# Аристотель

- Грек пәлсапашысы
- Платонның шәкірті
- Ұлы Александрдың ұстазы.
- Ол түрлі-түрлі тақырыптарға зерттеулер жазған, соның ішінде физика, метафизика, ақындық өнер, театр, музыка, логика, шешендік өнері, саясат, үкімет, этика, биология және зоология.

# Философия саласына қадам басу жолы


- Ол материализм мен идеализмнің аралығында екіұдай бағыт ұстанғанымен, оның философиясында материалистік сарын басым болды. Жалпы Аристотель философиясы антик алық ой жетістіктерін түбегейлі саралаған әмбебап жүйе болып есептелінеді.
- Аристотель грек колониясы, Фракия жағалауындағы Стагир қаласында дүниеге келді. Оның әкесі Никомах Македония патшасы Аминтаның сарай емшісі еді. 367 жылы Аристотель Афинаға барып, Платонға шәкірт болады.
- 343 жылы оны Македонияның патшасы Филипп баласы Александрдың тәрбиешісі етіп тағайындады. Ал, Александрдың өзі патша болып таққа отырғаннан кейін, Аристотель Стагирге қайтып келеді .
- 335 жылы Афинаға барып бір жола тұрақтап қалады.
- Осы кезеңде Аристотельдің ой жүйесінде Платон философиясына қарсы бағытталған негізгі қағидалар қалыптаса бастаған еді. Ол Афинада өзінің мектебін атты, ол Ликей немесе перипатетиктер ("қыдырып жүріп сұхбаттасу" деген мағынаны білдіреді) мектебі деп аталды. ғұмырының аяғына дейін осы философиялық мектепті көркейтуге күшін салған Аристотель өз Отанында көз жұмды. Себебі, антимакедониялық саяси және "дінбұзар" деген айыптың тағылу қауіпі туғанда ол Отанына қайтып келуге мәжбүр болған-ды. Аристотель Афинада еш азаматтық хұқы жоқ метэктік (шетелдік) жағдайда тұрған. Өзінің саяси көзқарасы тұрғысынан Аристотель Афина демократиясын жақтаушылардың қатарында бола алмады.

# Аристотель философиясының салалары

Теориялық

Практикалық

Ақындық



# Аристотель философиясы

- 1. Теориялық сала - болмыс туралы ілімі, дүниенің түпнегіздері туралы пайымдаулар.
- 2. Практикалық сала — адамдардың іс –әрекеті туралы тұжырымдар.
- 3. Ақындық сала - көркемөнер, поэзияға көзқарастары.

- Бұл салалардың ішінде логика ғылымының аты аталмайды, себебі, Аристотель оны ғылым емес, **ғылыми танымның құралы** деп бағалаған. Өзінің "алғашқы философиясында" ("Метафизика" деп те аталады) Аристотель идеялар туралы Платонның ілімін өткір сынға алды, әсіресе, оның идея - мәндерді сезімдік заттар мен құбылыстардан бөліп алып, қарастыратынын сынады. Аристотель жалқы мен жалпының бірлігі туралы өз түсінігін ұсынды.
- **Жалқы дегеніміз** кеңістікте орны бар, "қазір" өмір сүріп жатқан және адамдар сезім мүшелері арқылы түйсіне алатын нәрселер.
- **Жалпы дегеніміз** барлық жерде, барлық уақытта өмір сүретін және жалқылар арқылы ғана көрінетін нәрселер. Жалпы - ғылымның зерттеу нысаны, оны тек ақыл-ой арқылы ғана танып - білуге болады. Алайда, жалпы жалқысыз болмайды, ал жалқы сезімдік таным арқылы бізге танымал болады, демек, жалпы тану үшін, алдымен жалқыларды танып-біліп (сезім мүшелері арқылы), сонан кейін ғана жалпы ақыл-ой арқылы зерттеу қажет, дейді Аристотель. Осыған орай, ол танымның индукциялық және дедукциялық тәсілдерін ашқан еді.
- **Индукция** — танымның жалқыдан жалпыға қарай жылжуы,  
**Дедукция**, керісінше, танымның жалпыдан жалқыға қарай жылжу тәсілі.

# Тіршіліктің төрт себебі

- Біріншісі — болмыстың мәні — ол нақтылы заттардың қандай болғандығын айқындайды (кескіндік форма) себеп;
- Екіншісі — Материя және бастауыш (субстрат) — заттардың пайда болу және шығу тегі (материалдық себеп);
- Үшіншісі - Қозғалыс себебі, қозғалыс бастауы;
- Төртіншісі — Мақсаттық себеп.

# Қозғалыстың төрт негізі

- 1. Сапалық (өзгеріс);
- 2. Сандық (көбею немесе азаю);
- 3. Орын ауыстыру (кеңістіктегі қозғалыс);
- 4. Алғашқы түрдің қосындысы (пайда болу және жойылу).



- Өзінің ілімін Аристотель мәнділікті болмыс деп қарастырудан бастайды да, оны сол болмыстың өзіне тән категориялары арқылы түсіндіруге тырысады, (түр-форма, мән, сапа, сан, материя, қозғалыс, уақыт, т.б.). Аристотельдің пікірінше, адамдар «қоғамдық жануарлар». Отбасының, қоғамның табиғи дамуының арқасында мемлекет пайда болады. Мемлекеттің табиғаттан айырмашылығы, онда көптеген әлеуметтік, т.б. қатынастардың өріс алғандығы.

# Мемлекет туралы

- Оның пікірінше, мемлекеттің пайда болуына, ең алдымен, адамдардың бірігіп жұмыс құрып, өзара қатынас жасауға ұмтылуы себеп болды. Яғни Аристотель мемлекеттің шығуын табиғи дамудың нәтижесі деп түсінеді. Ол адамдардың басқа хайуанаттардан айырмашылығы – ой еңбегімен шұғылдануында деп тұжырымдайды. Саяси іс-әрекетке ерекше мән беріп, саясаттан тысқары қалған адамдар адамшылығынан айырылып, тағы айуандарға ұқсап кетеді, - дейді.

# Саясатта

- “Мейірбандық пен зұлымдық, әділеттілік пен әділетсіздік, т.б. отбасы мен мемлекеттің негізін қалайтын ұғымдарды сезім тұрғысынан қабылдау адамның ғана қолынан келеді”. Философ адамгершіліктің көзі енжарлық пен дәрменсіздікте емес, керісінше белсенделік пен жасампаздық деп дұрыс түсінеді. Адамның әділетті, жігерлі болуы оның игілікті ісімен тығыз байланысты.
- Александр Македонский Аристотель шәкірті болғандықтан, оған патша тағына отырғаннан кейін Александр Аристотельге ескерткіш орнатып, былай деп жазыпты: “Бұл ескерткішті Никомаха ұлы, данышпан, құдіретті Аристотельге қойған Александр”. Кезінде ол Платонды өмірден идеяны жоғары қойғаны, нақты өмір оның көлеңкесі дегені үшін қатты сынға алды. Бірақ, Аристотель түр мен мазмұн арақатынасын зерттеп, алғашқыны түрге берген. Мәселен, кірпіш – түр, ал сол кірпіштің негізі болып, қалыпқа құйылған материал (батпақ) – материя, яғни мазмұн деп қарады. Ол формальды логиканың Аристотель ашқан 1. Дәлме-дәлдік; 2. қайшылық; 3. жоққа шығару заңдары.

